

The Information about the Kazakh Lands Kept in the Chinese-Manchu Maps Drawn in the Time up to the Second Half of XVIII Century

Ezhenkhan-uli Bakhyt

Doctor of History, professor of L.Gumilev Eurasian National University. Kazakhstan, 010008, Astana, Satpayev str., 2.

Abstract. The data of historical and geographical character on the Kazakh lands in the Manchzhur-Chinese maps in 1674-1729 are analysed in the article. Analyzing these data, the author considers formation of the Manchzhur-Chinese concept about the Kazakh land and their influence on the Chinese historiography and source studies, formation of a conceptual framework.

Keywords: Kazakh names of areas; ethnonym «Kazakh»; Manchzhur-Chinese maps; Jesuit missionary; historical discourse.

Қазақ жері туралы XVIII ғасырдың бірінші жартысына дейінгі қытай-мәнжу карталарындағы мәліметтер

Еженханұлы Бахыт

тарих ғылымдарының докторы. Л.Н.Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университетінің профессоры. Қазақстан Республикасы, 010008, Астана қ, Сәтпаев, 2.

Аңдатпа. Мақалада 1674-1729 жылдары аралығында қалыптасқан бірсыпыра көне мәнжу-қытай карталарында сақталған Қазақ жеріне қатысты мәліметтерге тарихи-географиялық талдаулар жасалған. Осы мәліметтерді сараптай келе мақала авторы Қазақ жері мен елі туралы алғашқы мәнжу-қытай түсініктерінің қалыптасу үдерісі және олардың қытай тарихнамасындағы ұғымдық және деректанулық ықпалдары жөнінде сөз қозғайды.

Кілт сөздер: Қазақ жер-су атаулары; «қазақ» этнонимі; мәнжу-қытай карталары; йезуит-миссионер; тарихи дискурс

Сведения о казахских землях в китайско-манчжурских картах в первой половине XVIII века

Еженханұлы Бахыт

доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Республика Казахстан, 010008, г. Астана, ул. Сатпаева, 2.

Аннотация. В статье проанализированы сведения историко-географического характера о казахских землях в манчжуро-китайских картах в 1674-1729 годов. Анализируя эти данные, автор статьи рассматривает формирование манчжуро-китайского видения казахской земли и его влияние на китайскую историографию и источниковедение, формирование понятийного аппарата.

Ключевые слова: казахские названия местностей; этноним «казах»; манчжуро-китайские карты; йезуит-миссионер; исторический дискурс.

ӘОЖ/ УДК 902/904(574)

Қазақ жері туралы XVIII ғасырдың бірінші жартысына дейінгі қытай-мәнжу карталарындағы мәліметтер

Еженханұлы Б.

1. XVII ғасырдың бірінші жартысына дейінгі қытай дереккөздерінде Қазақ хандығы туралы мәлімет сақталған ба?

«Қазақ» деген атпен ту тігіп, ел болған халық туралы алғашқы қытай-мәнжу дереккөздеріне үңілуден бұрын мына бір тарихи жәйтке назар аударсақ. 1757 жылы күзде, қазақ көсемі Абылай хан Цин патшасы Цяньлунға хат жолдап, мынадай сөздерді жазған екен:

«Менің ата-бабам Есім хан мен Жәңгір ханнан бері, сіздерден бізге хабар-ошақ келіп көрмеген ...»¹ (Еженханұлы 2010 (1); Еженханұлы 2010 (2)).

Абылайдың бұл сөздері, әрине, жайдан-жай айтылмаған. Біздің ойымызша, бұл сөздер әуелі қазақтардың өз жерлерінің шығыс бөлігінен айырылып қалған тарихи оқиғаға байланысты айтылып отыр: дәл осы Абылай атаған екі ханның тұсында, жоңғар қалмақтары Жетісуға толассыз шабуыл жасап, ақыры сол өңірге үстемдік жүргізіп, қазақтар ондағы шұрайлы жерлерден бір ғасырдай уақыт айырылып қалған. Абылай жоғарыдағы сөздерді айту арқылы қазақтардың сол жерлерді түгелімен қайтарып алғысы келетіндігін білдіріп тұр. Бұдан тыс, осы сөздердің мынадай мәні де бар тәрізді: Есім ханнан бұрын қазақтар шығыстағы Қытай елімен мәлім деңгейде байланыста болған. Ендеше, осындай байланыс аталмыш дәуірге тән қытай жазбаларында қаншалықты көрініс тапқан? Біздің зерттеуіміз әуелі мынаны көрсетеді: XVII ғасырдың екінші жартысына дейін қытай әдебиетінде «қазақ» этнонимінің аударма баламасы кездеспейді. Дегенмен, сонымен бірге аталмыш дәуірге дейінгі Орта Азия туралы қытай жазба дереккөздерінде біраз күңгірт тұстар да бар екендігі байқалады.

Қазақ хандығы бой көтерген XV ғасырда Қытай елінде Мин патшалығы (1360-1644) билік құрып тұрған. Жұртқа мәлім, аталмыш патшалықтың саяси үстемділігі Құмылдан (Хамидан)² асып көрмеген. Дегенмен, Мин патшалығы мен Орта Азия билеушілері арасындағы, әсіресе Мин патшалығының Юнлэ патшасы мен әмір Темір ұрпақтары арасындағы қарым-қатынас біршама жақсы болып, сол себептен қытай дереккөздерінде де, парсы дереккөздерінде де қызықты тарихи мәліметтер қалыптасып, олардың біразы кейінгі ұрпақтың қолына жеткен. Бұдан тыс, Мин патшалығының соңғы кезеңіне дейінгі, анығырақ айтқанда, 1627 жылға дейінгі «Мин шилуда», яғни Мин патшалығының орда естелігінде: «Тұрпан, Самарқан ... сынды жерледен елшілер келді» деген мәліметтер жазылып келген³. Ондағы мәліметтердің біразы сенімсіз болуы ықтимал⁴, дегенмен, екі ғасыр уақыт аралығында хатталған бұл дереккөздердің барлығы жалған болуы мүмкін емес. Өкініштісі, Орта Азия туралы Мин патшалығы жазбаларының өзіндік ерешеліктерінің салдарынан ондағы көптеген мәліметтер күңгірт, дүдәмал деректерге айналып отыр. Осындай ерекшеліктердің бірі: Мин патшалық жазбалары Орта Азия елдерін ондағы мемлекеттердің атауымен емес, жердің атауымен немесе билеушілердің атымен атаға⁵. Мұндай атаулардың біразы әліде болса сенімді түрде идентификацияланбаған. Осы орайда, біз Мин патшалығы жазбаларында сақталған, алайда жұрттың

¹ Абылай ханның осы хаты және оның төңірегіндегі тарихи мәселелерге арналған зерттеулер жөнінде қараңыз: Еженханұлы 2010 (1); Еженханұлы 2010 (2).

² Қазіргі Шыңжаңның ең шығысындағы ірі қала.

³ Орта Азия жерлерінен келген елшілер туралы аталмыш дереккөздегі ең соңғы мәлімет Мин патшалық тяньци жылнамасының 7-жылы (1627 ж.) 7-айдың «цзя шэнь» күніне (天启七年七月甲申) жатады. Онда: «Батыстағы жат елдердің бес жерінен және Тұрпаннан тарту-таралғы әкелінді (西夷五地面吐鲁番进贡)» деп айтылады (қараңыз: «Дай Мин сизун чжэ хуанди шилу (大明熹宗愍皇帝实录)», 86-цзюань).

⁴ Мин патшалығына «Самарқан» сынды жерлерден елшілер барғандығы даусыз, дегенмен, Мин патшалық әдебиетінде айтылатын «елшілердің» біразы өзге елдердің аттарын жамылып Қытай жеріне барғандар екендігі де белгілі. Мысалы, олардың кейбіреулері Тұрпан жерінен шыққан саудагер екендігі туралы сол дәуіріндегі қытай қаламгерлерінің өзі айтып үлгірген. Бұл туралы қараңыз: Ян Ицин, Гуаняжун зоу и. Цин патшасы Цзяцин дәуіріндегі «Ву хуа шуянь» кітап баспасынан шығарылған нұсқа (杨一清: «关中奏议», 清嘉庆五华书院刊本).

⁵ Мысалы, Мин дәуірінде жазылған «Сиюй туди жэньву люе» («西域土地人物略») кітабында осындай біраз атаулар бар. Қараңыз: Чэн Гаохуа, Мин дай Хами Тулуфань цзилыо хуэйбянь (Мин патшалық дәуірі Хами мен Тұрпан туралы тарихи деректердің жинағы). Үрімжі, 1984. (陈高华: 明代哈密吐鲁番资料汇编, 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1984年).

назарын көп аудары бермейтін бір мәліметті атап өткіміз келеді. «Шуюй чжоу зи лу»⁶ атты Мин патшалық деректемесінде мынадай бір дерек сақталған:

«(Цзяцзин жылнамасының) 11-жылында⁷ Эцзибо елі (额即儿国)⁸ жіберген елші шекара бекінісіне келіп, өздерінің патшамызға тарту-таралғы бергілері келетіндігін білдірді ... син-ду-сы⁹ сұраққа алған жат ел елшісі Қожа Пиле¹⁰ «Хасинь-ван¹¹ сындылар әуелінде Самарқандтың солтүстігіндегі тауда, Эцзибо жерінде тұратын» дегенді, сондай-ақ «олар жартылай дацзи¹², осыдан бұрын Тұрсын¹³ есімді елші жіберіп патшаға тарту-таралғы берген» дегенді айтты. Мұрағатты тексерген едік, [ондағы жәйт осы айтылған жәйтпен] сәйкес болып шықты. Демек, осындағы айтылған «Хасинь» – сондағы айтылған Хасиньмен бір адам, сондағы «солтүстік тауы» деген сөз – бағытты білдірген, ал осы жолғы айтылған «Эцзибо» – жер атауы...»¹⁴.

Бұл деректегі ел мен жер атауы ретінде көрсетілген 额即儿 сөзі біздің назарымызды аударыды. Біздің ойымызша, мұндағы 额即儿 деген 3 қытай иероглифімен бізге жеткен ел атауын «Өзбек» деп қалпына келтіруге болады. Бұдан шығатын қорытынды – «өзбек» атты Алтын Ордадан тараған ел (әрине, мұндағы ел «Шайбани-өзбек» те, «Өзбек-қазақ» та болуы мүмкін) Мин патшалығымен мәлім деңгейде қатынас орнатқан.

Мына бір жәйт тарихшыларға аян: сонау өзінің құрылған шағынан бастап-ақ, Қазақ хандығы шығыстағы Мин патшалығына жақын орналасқан аймақ-тармен тікелей қарым-қатынаста болған. Іргелерін кеңейту барысында қазақ билеушілері өз хандықтарының саяси ықпалы мен даңқын шығыстағы іргелес елдерге жеткізген. Қасым хан, Тахир хан және Хақназар хан дәуірлерінде, яғни 1580-ші жылдарға дейін Жетісу жері Қазақ хандығының иелігінде болған. Ал қазақ хан-сұлтандары Моғолстандағы Шағатай ұрпақтарымен де тығыз қарым-қатынаста болған. Онда Тұрсын хан Йеркен пен Қашқар ханы Абд әл-Латиф

⁶ «Шуюй чжоу зи лу (殊域周咨录)» («Жат аймақтар туралы жалпылай анықтамалар») – 1574 жылы шамасында жазылып, 24 бумадан (цзюаньнен) құралатын Мин патшалық қытай кітабі. Кітаптың авторы Янь Цунцзянь (严从简). 38 тарауға бөлінетін бұл еңбекті автор өзінің орда шенеунігі болып жүрген кезінде патшалық мұрағаттан жинап алған құжаттарға сүйеніп отырып жазып шыққан, онда Мин патшалығымен қарым-қатынаста болған шет елдер туралы әртүрлі мәлімет сақталған. Сондықтанда, бұл кітап аталмыш дәуірдегі қытай жазбаларының ішіндегі Қытайдан тыс әлем туралы, оның ішінде Орта Азия туралы сөз қозғаған ең маңызды еңбектердің бірі болып саналады. Біз бұл еңбекті оның критикалық жаңа нұсқасын пайдаланып отырмыз. Қараңыз: Янь Цунцзянь (жазған), Юй Сыли (тыныс белгілерін беріп, ғылыми салыстыру жұмыстарын жасаған), Шуюй чжоу зи лу. Бейжің, «Чжунхуа шуцзюй» баспасы, 1993 (严从简著, 余思黎点校:《殊域周咨录》, 北京, 中华书局, 1993年).

⁷ Мин патшалық Цзяцзин (嘉靖) жылнамасының 11-жылы біздің жыл санауымызбен 1532 жылы болып келеді.

⁸ Мәтіндегі 额即儿国 деп хатталған 3 иероглифтің соңғысы қазіргі заман қытай тілінде «че» деп оқылады. Дегенмен, орта ғасырда бұл иероглиф «бо» немесе «бай» деп те оқылаған.

⁹ Мин патшалығының провинциялық басқармасындағы сыртқы істерге жауапты мекеме.

¹⁰ Мәтінде қытайша 火者皮列 деп хатталған.

¹¹ Мәтінде қытайша «Ха синь ван (哈辛王)» деп хатталған. Біздің түсінуімізше, мұндағы «Хасинь» – адам есімі (біздің көрсетіп отырған осы деректе осылайша айтылған), ал «ван» – қытай авторының «хань» немесе «сұлтан» атағына берген балама сөзі. Айта кету керек, соңғы кезде кейбір зерттеушілер осы және өзге де Мин патшалық қытай дереккөздерінде кездесетін 哈辛 деген екі иероглифтен құралған атау сөзін этноним ретінде қарастырып, оны «қазақ» деп реконструкциялауға талпынған (Кенжеахметұлы 2014). Дегенмен, бұл талпыныстың ұтымдылығына күмән келтіретін мына бір жәйт бар: филологиялық тұрғыдан қарағанда, мұндағы екі иероглифті «қазақ» деп реконструкциялаудың ешқандай қиыны жоқ.

¹² Мәтінде қытайша «дацзи (达子)» деп хатталған бұл сөз «татар» сөзінен келген, Мин патшалық дәуіріндегі қытайлар осы сөзбен көбінесе моңғолдарды меңзейді. Ал аталмыш дәуірдегі еуропалықтар Орталық Азия көшпенділерін (онда түркі тілдес халықтары та, моңғол тілдес халықтары та бар) жалпылай «тартар» немесе «татар» деп атаған.

¹³ Мәтінде қытайша «Тулуసుнь (土鲁孙)» деп хатталған.

¹⁴ Янь Цунцзянь (жазған), Юй Сыли (тыныс белгілерін беріп, ғылыми салыстыру жұмыстарын жасаған), Шуюй чжоу зи лу. Бейжің, «Чжунхуа шуцзюй» баспасы, 1993 (严从简著, 余思黎点校:《殊域周咨录》, 北京, 中华书局, 1993年).- Б.492.

(Апақ) ханмен¹⁵, Есім хан Шалыш пен Тұрпан жерлерінің билеушісі Абд ар-Рақыммен одақтас болған. Сондай-ақ, Қазақ хандығының дамуымен байланысты, бұрынғы Моғолстан сынды ұлыстарға қарасты болып келген көптеген ру-тайпалар Қазақ хандығының билігіне өтіп, қазақ этносының қалыптасу үдерісінде маңызды рөл атқарған (Востров, Муханов 1968, Б.29, 56–60, 67–72; Юдин 1965, Б.59; Пищулина 1977, Б.238; Франк 2009, Б.365). Ал олардың арасындағы дулат (дұғлат) сынды тайпалардың кезінде Қашқарияның саяси өміріне қаншалықты ықпал жасағандығы туралы Махмұт Хайдар Дұғлати біршама көп мәлімет қалдырған.

Бұл жерде біз Есім ханның Шығыстағы іс-қимылын ерекше атап кеткіміз келеді. Мұсылман дереккөздерінде сақталған мәліметтерге қарағанда Есім хан барша қазақтың ортақ ханы мәртебесіне көтерілмеген шақта, әуелі Шалыш пен Тұрпан билеушісі Абд ар-Рақым ханға кетуге мәжбүр болып, сонда бес жылдан астам уақыт өмір сүріп, ондағы саяси өмірге тікелей араласып, тіпті Моғолстан билеушілерімен құдандалық қатынас негізіндегі одақтастықты орнатып үлгірген. Мысалы, Ақсу мен Бай жерінде болған бір шайқаспен қатысты мынадай дерек сақталған:

«Сол арада, Абд ар-Рақым хан Шалыштан және Есім сұлтан Ташкенттен Ақсуға аттанды. Шынтемір оғлан деген жерде олар бір-бірімен кездесті. Осы жорық кезінде Абд ар-Рақым хан мен Есім сұлтан құдандалық және жақын туыстық [қатынастармен] достық байланыс орнатты: Абд ар-Рақым хан Есім сұлтанның бауыры Күшік сұлтанның қызымен неке құрып қосылды, ал Есім сұлтан Абд ар-Рақым ханның қызымен некеге тұрады»¹⁶.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Мин патшалығының Орта Азиядағы саяси ықпалы Хами, яғни Құмыл жеріне келіп шектелетін. Осыған байланысты, Мин дәуірі қытай қаламгерлері Құмылдың батысындағы Тұрпан жерінде тұратын елді «Сиюйде»¹⁷ үстемдік құрып, басқа жат елдерді жұтып алған» деп түсінетін көрінеді¹⁸. Ал Мин патшалығының жазбаларында Құмылмен шекараласып жатқан Тұрпан жерінен елші келді деген мәлімет ең көп жазылады. Оның ішінде «Мин шилу» кітабында сақталған мынадай бір дерек те бар:

«... Бұдан тыстағы Тұрпан сынды елдердің елшілері келген. Араларындағы 70 адам Бейжің қаласына кетіп, қалған 300 адамның жартысы Ганьчжоу жерінде, жартысы Сучжоу жерінде тұрып қалған ... бұлар ваньли жылнамасының 36-жылы патшаға сый-сияпат тарту етеміз деп осылай кірген, күні бүгінге дейін қайтпады»¹⁹.

Деректе айтылған «вали жылнамасының 36-жылы» – 1608 жылы болып табылады, бұл жоғарыда айтылған Есім хан мен Абд ар-Рақым хан одақ құрған кезеңге жақын келеді: ғалымдардың пайымдауынша, аталмыш одақ XVII ғасырдың басында болған. Ендеше, Мин патшалық жер аумағына кірген 370 адамнан

¹⁵ Шорастың қалдырған мәліметі бойынша, Абд әл-Латиф ханның анасы Ханым-падишах – Тұрсын ханның қарындасы болып келеді. Қараңыз: Чорас «Хроника», Б.252.

¹⁶ Чорас «Хроника», 252-б; «Қазақстан тарихы» (бес томдық), II том, 427-бет.

¹⁷ Көне заман қытайлар өздерінің батысындағы елдердің жалпылай «Сиюй» (西域) деп атаған. Дәуірге және қытайлардың географиялық ұғымының өзгеріп тұрғандығына байланысты, бұл атаудың мәні де өзгеріп тұрған. Мин патшалық дәуірі қытай қаламгерлері «Сиюй» деп көбінесе Орта Азияны өңірін меңзеген.

¹⁸ Jan Itin, Ghanaian and zo. The king in the era of the Qing Jiaqing «Hua Wu shuyuan edition» version of the books published (杨一清: “关中奏议”, 清嘉庆五华书院刊本), 12-цзунь, цзяцзин жылнамасының 5-жылына арналған тарауша.

¹⁹ Чэнь Гаохуа Easy Cheng, Ming Turpan, zsiso huabang give Hami (Hami, and a set of historical data about the Royal era of the Ming Turpan). Urumqi, 1984 (陈高华: 明代哈密吐鲁番资料汇编, 乌鲁木齐: 新疆人民出版社·1984年). – Б.430.

құралған елшілік миссиясында²⁰ Есім ханның адамдары да бар болуы әбден ықтимал.

Егер «Мин шилу» сынды кітабындағы деректердің қандай да бір тарихи негіздері бар дейтін болсақ, онда сондағы айтылатын еларалық байланыстардың қазақтардан аулақ емес екендігі даусыз деп қортынды жасай аламыз. Дегенмен, мұндағы айтылған ықтималдық қазірше тек болжау ретінде қалып отыр, оны дәлелдеу үшін «қазақ» этнонимімен немесе Қазақ хандығының нақты билеушілерімен тікелей байланысы бар сенімді мағлұмат керек.

2. «Қазақ» этнонимінің Цин патшалық картасында пайда болуы.

Қазақтар туралы нақты қытай ұғымдары XVII ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастаған. Мұнда Цин патшасы Кансидың ордасында қызмет еткен тегі Белгиялық иезуит миссионері Фердинанд Вербистің (Firdinand Verbiest, қытайша аты Нань Хуайжэнь 南怀仁) 1674 жылы шамасында басып шығарған «Кунь-юй-цюань-ту» (坤輿全图), яғни «Әлемнің географиялық үлкен картасы» деп аталатын картасындағы бір мәліметті ерекше атағымыз келеді²¹. Төменде аталмыш картаның тиісті бөлігі (мұндағы жер атаулардың жанындағы сандық белгілерді біз қойдық)²².



1-карта. Нань Хуажэнь (Firdinand Verbiest), Кунь-юй-цюань-ту (бір бөлігі).

Картада күңірт және жансақ мәлімет аз емес екендігі байқалады. Дегенмен, алғашқы әлем карталарының бірі болып есептелінетін бұл картада құнды материалдар да сақталған. Мысалы, жоғарыдағы біз көрсетіп отырған карта бөлігінің төменгі жағындағы үлкен су бассейнімен (№1 белгіге қараңыз) байланысты қалдырылған түсіндірмеде «мұндағы судың жайылу көлемі аса үлкен, алайда ол ешқандай теңізбен жалғаспайды. Сондықтан жұрт оны теңіз деп те,

²⁰ Шындығына келсек, Мин патшалығына барған ортаазилық елшілік миссиясының көбісі сауда жүргізуші міндетін де атқарады.

²¹ Бұл картаның екі нұсқасы сақталып қалған, оның бірі Тайвань Тайбэй қаласындағы «Гугун» музейінде (台湾故宫博物院) болса, екіншісі ҚХР Хэбэй провинциясы Баодин қаласында орналасқан Хэбэй университетінің кітапханасында (河北大学图书馆) сақтаулы.

²² Біз бұл картаны мына еңбектен алдық: Tsao Wanliu etc., (compiler), Dita Ji Zhongguo gudai – Cindy (a set of maps of ancient China (Qing era)), Beijing, 1997 (曹婉如等编: "中国古代地图集—清代", 北京, 1997年). пластинка № 145.

көл деп те межелейді. Шындығына келсек, бұның суы ащы, сондықтан біз оны қазірше теңіз деп атай берейік» деген сөздер жазылған. Мұнда Каспий теңізі және оның мәртебесі меңзеліп тұрғандығы анық. Тек автор Каспийді оңтүстік-солтүстік бағытында созылған емес, шығыс-батыс бағытында созылған етіп көрсеткен, яғни мұнда Каспий теңізі өз бағытынан сағат тіліне қарсы 90 градусқа бұрылдырып орналастырылған.

Картаның құнды тұстарының бірі – мұнда сол дәуірдегі Орта Азиядағы бірсыпыра түркі-моңғол этнонимдер мен жер атаулары қытай иероглифтер арқылы жазып қалдырылған. Мына жәйт біздің назарымызды ерекше аударады: Жоғарыдағы айтылған су басейініне, яғни Каспий теңізіне жақындау жерлерде «ця-эр-му-цзи» (加尔母基) (№2 белгіге қараңыз), «ця-са-цзи» (加撒基) (№3 белгіге қараңыз) және «да-эр-да» (鞑而鞑) (№4 белгіге қараңыз) деген үш атау кездеседі.

Соңғы «да-эр-да» (鞑而鞑) атауы ортағасырлық қытай әдебиетінде «татар» этнонимін білдіретін «да-да» (鞑鞑) сөзінің тағы бір балама түрі екендігіне даусыз. Жұртқа мәлім, ортағасырлық қытай әдебиетінде бұл атау көбінесе моңғол тілдес халықтарды меңзеуге арналған. Ал жоғарыдағы жерден тыс, картаның тағы бірнеше жерінде «да-эр-да» (鞑而鞑) сөзі кездеседі. Әсіресе, «Ду-эр-гэ-сы-дань» (都尔格思单) (№6 белгіге қараңыз), яғни Түркістан деп аталатын үлкен жер аймағының шығысында орналасқан «да-эр-да» (鞑而鞑) атауы (№7 белгіге қараңыз) өзгені емес, жоңғар қалмақтарын меңзеп тұрғандығы анық. Демек, жоғарыдағы «да-эр-да» (鞑而鞑) (№4 белгідегі) да моңғол тілді ұлыстардың бірі. Біздің ойымызша, осы «да-эр-да» (鞑而鞑) – қазақтың біраз жерлерін басып алғаннан кейін Жетісу мен Тарбағатай өңірлеріне қоныс аударған жоңғарларының бөлігі.

Енді картадағы «ця-эр-му-цзи» (加尔母基) (№2 белгіге қараңыз) мен «ця-са-цзи» (加撒基) (№3 белгіге қараңыз) атауларына келсек. Синологтарға мәлім, мұндағы атауларда пайданылған 加 (екі атаудың да бірінші иероглифі) мен 基 (екі атаудың да соңғы иероглифі) деп жазылатын екі иероглифтің инициал дауыссыз дыбыстары («шэнму») Цин патшалығының ордасында пайдаланатын «мандарин» (Mandarin) диалектінде «к-» болып оқылады. Ал Цин патшалық дәуіріндегі қытай әдебиетінде 尔 иероглифімен (яғни «ця-эр-му-цзи» (加尔母基) атауындағы екінші иероглифпен) өзге тілдердегі «г» дыбысын да, «л» дыбысын да белгілей береді. Демек, мұндағы «ця-эр-му-цзи» (加尔母基) – «қалмақ» атауының, ал «ця-са-цзи» (加撒基) – «қазақ» атауының қытайша балама транскрипция түрлері²³.

«Кунь-юй-цюань-туда» (坤輿全图), яғни «Әлемнің географиялық үлкен картасында» қазақ этнонимінің пайда болуы біз үшін деректану тұрғысынан маңызы зор. Жұртқа мәлім, сонау XVII ғасырдың соңынан бүгінгі күнге дейін, «қазақ» этнонимі қытай жазбаларында «ха-са-кэ» (哈萨克) деген 3 иероглифпен хатталып келген. Жұрт көбінесе «қазақ» этнонимінің қытайша транскрипциялауының осы бір «стандарт» түрі ғана бар деп түсініп келген. Енді, міне, 1674 жылы шамасында қалыптасқан «Кунь-юй-цюань-ту» атты көне картаны зерттей келе, біз «қазақ» атауының қытай иероглифтерімен транскрипциялаудың тағы бір түрі бар болғандығына көзіміз жетіп отыр. Біздің білуімізше, картадағы «ця-са-цзи» (加撒基) – «қазақ» атауын қытайшаға транскрипциялаудың ең алғашқы талпынысы.

3. Тулишеннің картасындағы мәліметтер: «Қазақ = Даюань» аналогиясы. Цин патшалығы өзінің Жоңғар хандығымен арадағы талас-тартыс

²³ Әрине, мұндағы қазақ туралы транскрипцияның екінші «са» (撒) иероглифіне қарап, автор қазақ атауына байланысты транскрипцияны қазақтар немесе түркі тілдес халықтардың ауыздарынан естіген мәлімет арқылы емес, моңғол тілдес халықтардың жеткізген хабары негізінде жасаған деп қортынды шығаруға болады.

барысында батыстағы жоңғарлар мен өзге де елдерге дипломатиялық миссияларын жіберіп отырған. Аталмыш миссиялардың жанама нәтижелері ретінде сол кездегі Цин патшалық жазбаларында Орталық Азия аумағындағы елдер туралы біраз мәліметтер қалыптасқан; сол жазбалармен бірге тиісті өңірлер қамтылған біраз көне карталар да сызылған.


Батысқа жіберілген Цин патшалық дипломатия миссиялары арасынан мәнжу шенеунік-қаламгері Тулишеннің елшілігін алдымен атап өтуімізге болады. Канси билігінің 51-жылы (1712 ж.) Цин ордасы торғауыт қалмақтарының Аюке ханы жіберген елшілік миссиясының қайырымы ретінде Тулишен, Инлина қатарлы мәнжу шенеуніктерін Еділ бойына елшілікке жібереді. Тулишен қатарлылар Қалқа Моңғол жері мен Ресей жерін, сондай-ақ Ертіс бойындағы Қазақ жерінің бір бұрышын басып өтіп, Еділге жетіп, кейін Канси билігінің 54-жылы (1715 ж.) ордаларына қайтып оралады. Үш жылға созылған осы сапар барысында Тулишен жолжазба естеліктерін жазып отырған, сол жолжазбалар кейін кітап болып құрастырылып, екі тілде, яғни қытай және мәнжу тілдерінде жарық көрген. Кітаптың қытай тіліндегі нұсқасының атауы «И юй лу (异域录)» («Жат аймақтар туралы естелік жазбалар»), мәнжу тіліндегі нұсқасының аты «Laksaḥa jecen de takūraha babe ejehe bithei» («Шекарадан тыс жат жерлерге іссапарға жіберілгендігі туралы естелік дәптер»). Жолжазба кітабында Қазақ жері мен елі туралы аз да болса аса құнды мәліметтер сақталған.

Қазақ жері туралы мәліметтерді біз «И юй лу» немесе «Laksaḥa jecen de takūraha babe ejehe bithei» кітабының басындағы көне карталардан көре аламыз²⁴. Картаның қытайша нұсқасы «И юй лу юйту (异域录與圖)» («Жат аймақтар туралы естелік жазбаларына қосымша карта») деп аталса, мәнжуше нұсқасы «Ba na i nirugan» («Жер картасы») деп аталған (қараңыз: төмендегі №2, №3 карталар. Мұндағы жер-су аттауларының оң жақ үстіндегі сандық белгілерді біз қойдық). Екі нұсқада белгіленген жер атаулары негізінен бір-біріне сәйкес келеді. Дегенмен, мәнжу тіліндегі мәтіннің кей жерлері қытайша нұсқасынан қысқалау болып келген:


Қытайша нұсқасындағы жер-су атаудың транскрипциясы	Мағынасы	Мәнжуше нұсқасындағы жер-су атаудың транскрипциясы	Мағынасы
Аэртаи шань	Алтай тауы	Altai alin	Алтай тауы
Болотала шацзи	Боратала шөлі	Bortala	Боратала
Алакэ шань	Алатау	Alak alin	Алатау
Тобозэр хэ	Тобыл өзені	Tobol bira	Тобыл өзені
Ээрцисы хэ	Ертіс өзені	Ertis bira	Ертіс өзені
Чжайсан нозэр	Зайсан көлі	Jaisang noor	Зайсан көлі
Или хэ	Іле өзені	Ili bira	Іле өзені
Чжай хэ	Жайық өзені	Z'ai bira	Жайық өзені
Хасакэ цзи Давань го	Қазақ – бұл яғни Давань мемлекеті	Hasak	Қазақ
Цеван Лабутань юмуди	Цеваң-Рабтанның жайылым жері	Ts'ewang Rabtan	Цеван-Рабтан

Кесте 1.

²⁴ Біз Тулишен картасының қытай тіліндегі және мәнжу тіліндегі екі нұсқасын Чжуан Цзифа есімді Тайвань ғалымының «Мань хань И-юй-лу цзяо чжу» («Мәнжу және қытай тілдеріндегі И-юй-лу кітаптарына салыстыру жұмыстары және оларға түсіндірмелер») атты еңбегінен алып отырмыз. Қараңыз: Zhuang Cifa: CIFA Zhuang, «Man, Han-Yu-Jiao, Zhu Lu (Mngu Chinese and And-Yu-Lu comparison of books and the commentaries thereto)». Taiwan, 1983 (庄吉发(校注): "满汉异域录校注", 文史哲出版社, 台北, 1983年).



2-карта. «Yiyulu Yuitu»



3-карта. «Ba Na i Nirugan»²⁵

²⁵ Дереккөзі: Чжуан Цзифа, «Мань хань И-юй-лу цзяо чжу» («Мәнжу және қытай тілдеріндегі И-юй-лу кітаптарына салыстыру жұмыстары және оларға түсіндірмелер»). Тайпэй, 1983 (庄吉发(校注):《满汉异域录校注》,文史哲出版社,台北,1983年)

Картадағы мына бір жәйт біздің назарымызды ерекше аударады: аса кең территорияға ие екендігіне қарамастан, Қазақ елі картаның мәнжу тілді нұсқасында жай «Hasak» деп көрсетілген (3-карта, №9 жер атауы); ал картаның қытайша нұсқасында болса Қазақ елі туралы түсіндірме біраз кеңейтілген түрінде беріліп, «Қазақ мемлекеті – бұл яғни [ежелгі] Даюань елі» деп жазылған (2-карта, №9 жер атауы). Мұндағы аналогияны және картаның екі нұсқасындағы аталмыш айырмашылықты қалай түсінуге болады? Бұл сұраққа жауап табу үшін біз әуелі аталмыш теңеудің қай уақыттан бастап айтылғандығын анықтауымызға тура келеді.

Бағымызға қарай, тиісті дерек «Цин шилу» атты дереккөзде сақталған болып шықты. 1697 жылдың басында, жоңғарларды жеңген Цин армиясының қолбасшылары хоңтайшы Галдан мініп жүрген арғымақты олжалап алып, оны император Кансиге сыйлайды. Осы арғымақты шаптырып келген соң, Канси өзінің қытай уәзірі Чжан Юйшуға: «Мен мінген мына арғымақ Қазақ мемлекетінен келген екен. Бұны әуелі Галдан қазақтардан алған. Кейін, біздің армиямыз Галданды жеңген кезде осы арғымақты қолға түсірген. Мен мініп көріп едім, бұл аттың денесінен қан сияқты тер ағады екен. Менің пайымдауымша, бұл көне замандағы адамдар айтып кеткен Даюань жерінен келетін қанды терлі арғымақ болса керек» деп масайрана сөйлеген екен. Сонда, өз патша иесінің пиғылын дереу біле қойған қытай уәзірі патша ордасында былай деп рәсми түрде мәлімдеме жасаған:

«Тарихи мәліметтерге қарағанда, Даюань елінен келетін арғымақ – тәңірдің арғымағы. Оның тері қан сияқты ағады, шапқанда желмен жарысады. Өзі құт қонғандықтың нышаны болғандықтан, осы тәңір арғымағы ән-күйлерге де мотив болып үлгірген. Өз көздерімен көрмегендіктен болар, бәзбіреулер бұл бір бос әңгіме деп есептеп келген еді. Ал, міне, патша ағзамның мінген мына атынан аққан тер – деректерде айтылған әңгімемен сәйкес келіп тұр. Егер патша ағзамның шапағаты мен даңқы кеңінен таралмаған жағдайда, осындай ерекше арғымаққа біз қалайша ие болар едік?»²⁶

Бұл Цин патшалық ордасындағы қазаққа қатысты жүргізілген ең алғашқы кеңес-сұхбаттың бірі еді. Осыдан оншақты жыл өткен соң, бұл кеңес-сұхбат жүргізілген кезде пайда болған әлгі «Қазақ мемлекеті – ол яғни ежелгі Даюань елі» деген аналогия 1712-1715 жылдары аралығында Еділ бойындағы қалмақтарға елші болып қайтқан мәнжу шенеунігі Тулишеннің сызып қалдырған қартасында қайталанады. Демек, аталмыш аналогия Цин патшалығының саяси-тарихи дискурсында нақтылап орын ала бастаған.

Ендеше, аталмыш аналогияның мәні неде? Бұл сұрақтың кілті әуелі қытай уәзірі Чжан Юйшудың «тәңір арғымағына ие болу – құт қонғандықтың нышаны» деген сөзінде жатыр. Өйткені, осы бір көне ұғымды біз сонау қытайдың Хань патшалық дәуірінде (б.з.б. 202 – б.з. 220) өмір сүрген, кейінгі жұрт «Шығыстың Геродоты» деп атап жүрген Сыма Цяньнің «Ши цзи» («Тарихи жазбалар») атты әйгілі шығармасынан кездесе аламыз. Онда былай делінген екен:

«Ертерек кезде, [Уди] патша «И цзинь» кітабымен бал ашқызғанда оған «солтүстік-батыс жақтан құт әкелетін арғымақ пайда болады» делінген екен. Кейін, усуньдар келгенде өздерімен бірге өте асыл тұқымды жылқылар әкелген. Патша сол жылқыларды «тәңір арғымағы» деп атаған. Алайда, кейінірек Даю-

²⁶ *Вэнь Да және басқалар (құрастырған), Шэньзу Жэнь Хуанди Циньчжэн Шомо Фанлюе (Шэньзу (Канси) патшаның өзі жүргізген Гобиді тыныштандыру жорығының стратегиясы) (I-II том). Біз осы бір Цин патшалық тарихи құжаттар жинағының 1994 факсимиле түрінде ҚХР Тібет Қоғамдық ғылымдар академиясында қайтадан басып шығарылған нұсқасын пайдаланып отырмыз, 34-цзоань, Б.13-14, канси жылнамасының, канси жылнамасының 30-жылы 12-айдың «дин-ю» күнгі естелік.*

ань жерінен келген тіпті де керемет, денелерінен қан сияқты тер ағатын жылқыларға қол жеткізген соң, патша әлгі усунь жылқыларын «батыстағы жер түбінен келген жылқылар» деп атап, «тәңір арғымағы» деген атақты Даюань жылқыларына берген»²⁷.

Тарихшыларға мәлім, Хан патшалығының Орта Азияға қызығушылық танытуы – оның Ғұн (Сюнну) империясымен арадағы теке-тіреспен байланысты пайда болған еді. Еуразия кеңістігінің шығыс бөлігіндегі саяси-экономикалық үстемділікке қол жеткізу үшін, Хань патшалық ордасы біздің заманымыздан бұрын 109 жылы өзінің Чжан Цянь есімді шенеунігін елші ретінде батыстағы Усунь және Даюань елдеріне жіберіп, аталмыш Орта Азия елдерін Хань патшалығымен одақ құруға, сол негізінде ғұндарға қарсы соғысуға шақырады. Кейін, Чжан Цяньның негізгі миссиясы ақыры іске аспай қалады. Дегенмен, Чжан Цянь елшілігінің балама нәтижесі ретінде Хань патшалығы Орта Азияның стратегиялық маңыздылығына, әсіресе онда сол дәуірдің ең керекті әскери ресурсына, яғни асыл тұқымды жылқыларға бай екендігіне көзі жетеді. Сол ресурстарды Қытайдың игілігіне жарату мақсатында Хань императоры Уди б.з.б. 104 жылы және б.з.б. 103 жылы Даюань еліне үлкен көлемдегі әскери жорықтарды ұйымдастырады. Хань патшалығының бұл саясаты ақыры өзіне пайда әкеледі: Хань патшалығы аталмыш Орта Азия елдерін өзіне тарту арқылы асыл тұқымды жылқыларға ие болады да сонымен бірге ғұндардың «батыстағы оң қолын кесу» (斷匈奴右臂, *дуань сюнну ю би*) саясатын жүзеге асырады. Демек, «тәңір арғымағына» ие болу – ежелгі Хань патшалығы үшін шынында «құт қонғандықтың нышаны» болған.

Он сегіз ғасыр өткен соң, Еуразияның шығыс бөлігінде саяси-әскери үстемділікке таласу мақсатындағы теке-тірес қайталанады. Тек осы реткі бәсекенің кейіпкерлері өзгерген. Сонау Мин патшалық дәуірінде-ақ (1368 ж. – 1644 ж), ойраттар Қытайдың қауіпсіздік бас ауыруына айналған еді. Мин патшалығы құлап, орнына Цин патшалығы билік орнатқаннан кейін қытайдың жаңа иесі – Цин патшалығы да Жоңғар хандығының әскери қыспағында мазасыз өмір сүріп келген. Міне, осындай жағдайда, Цин патшасы Канси мен оның ордасындағы жалақышы уәзірлері «құт қонғандықтың нышанына» зәру болатындықтары – түсінікті жәйт. Ал шүршіт императорының көзіне Қазақ елі осындай нышаның мекені болып көрінуінің де өзіндік себебі бар еді – ең бастысы қазақтар ғасырдан астам уақыт бойы жоңғарлармен күресіп келген; онымен қоса, қазақтар стратегиялық ресурсқа, яғни жылқыға бай ел екендігі белгілі.

Император Кансидың «көрегенділігі» ақыры дәлелденеді: 1750-жылдардан кейін, Кансидің немересі Цяньлун билік құрған тұста, Цин патшалығы қазақ факторын мейлінше пайдаланып, өзінің Орта Азия өңіріндегі әскери-экономикалық іс-шараларын сәтті орындап шыққан. Цин патшалығы әуелі ғасырлар бойын жүріп келген қазақ-жоңғар шайқасының нәтижесін өз игілігіне жаратып, аталмыш шайқастан әбден әлсіреген жоңғарларды «жаныштаған». Сонан соң, Цин патшалығы Құлжа, Үрімжі және Шәуешек сынды жерлерде «жылқыға жібек» сауда жәрмекелерін ашу арқылы қазақтардан көптеп жылқы айырбастап алып, соның негізінде өзінің Жоңғариядағы әскери күшін жабдықтауға, сондағы тың игеру ісін атқаруға, сондай-ақ Қашқарияны «тыныштандырып», онда ақыры мәнжу-қытай билігін орнатуға қол жеткізген.

Қазақ жылқысына ие болу оқиғасы император Канси үшін «құт қонғандықтың нышаны» болып көрінудің тағы бір себебі бар еді. Осы орайда, біз

²⁷ *Сыма Цянь*, Шицзи. Бейжің: «Чжунхуа шуцзюй» баспасынан шыққан критикалық нұсқасы, 1982. (司马迁: «史记», 中华书局点校本, 北京, 1982年). 123-бума.

жоғарыда айтып өткен Тулишен картасының бізге жеткен екі нұсқасындағы Қазақ мемлекеті атауына байланысты пайда болған айырмашылықты айтып өткіміз келеді.

Бір қарағанда, қарта нұсқаларындағы аталмыш ұқсамастық соншалықты маңызды емес болып та көрінер. Алайда, біз осы бір ескермеуге де болатындай нюанста үлкен тарихи шындық жатыр деп есептейміз. Бұның сыры мынада: жартылай көшпелі болып келетін мәнжу халқының өз тіліндегі қарапайым оқырмандары үшін Канси патша және оның қытай уәзірлері тарапынан ойлап тапқан әлгі «Қазақ мемлекеті – бұл яғни ежелгі Даюань елі» деген аналогия және онымен байланысты айтылған «тәңір арғымағы» туралы көне қытай мифологиясы соншалықты түсінікті әрі қызықты болмауы анық. Алайда, Цин патшалығының билеуші әулеті, яғни шүршіт Айсин Гиоро әулетінің Қытай жеріндегі билігі үшін бұл аналогия мен мифологияның маңызы зор.

Дәстүрлі қытай әдебиеті мен қытайдың тарихнамасында, Хань патшалық дәуіріндегі «тәңір арғымағына» қатысты тарихи оқиға Қытайдың Орта Азия жеріне әскери күш көрсетуінің басталуы деп қабылданса, «жат елден арғымақ тарту етілді» деген ұғымның өзі мәлім бір шет елдің Қытай еліне бағынып, қытай императорына бас ұрғандығының символы болып есептеліп келген. Император Канси және оның орнын басқан өзге де шүршіт патшалары аталмыш ұғымдарды пайдалану арқылы өздерінің «варвар» текті екендігіне қарамастан «Кіндік империясында» билік құруларының заңды (легитимный) екендігін, өздерінің «тәңірдің ұлдары» екендігін дәлелдемек болған.

Бір қызығы, император Канси аталмыш аналогияны ойлап тапқан шақта ежелгі Даюань мемлекетінің қайда екендігін де анықтамаған немесе анықтағысы келмеген тәрізді. Шындығына келсек, Хань дәуіріндегі Даюань мемлекеті Ферғана жерінде орналасқан. Аталмыш аналогияның шындыққа жараспайтындығы географиядан-ақ көрініп тұр. Сондықтан да, 1760-жылдардан кейін, Цин қаламгерлері мұндағы олқылықты сезіп, аталмыш аналогияны тілге алуды бірте-бірте доғарған. Дегенмен, император Кансидың осы аналогиясы Цин патшалық саяси дискурсына үлгі болып, қазақ туралы кейінгі мәнжу-қытай жыр-күйлеріне «настройка» жасап кеткен.

4. «Юнчжэнь ши пай ту» картасындағы мәліметтер. Цин патшасы Канси, Юнчжэнь және Цяньлун патшалары билік құрған кезеңдерде қытайдың картография саласы аса жоғары деңгейде дамыған. Дәл осы кезеңдерде Қытай жер аумағына картографиялық барлау жұмыстары жүргізіле басталып, Қытаймен көршілес аймақтардың, тіпті сонау Жерорта теңізіне дейінгі аумақтың географиялық мәліметтері біртіндеп жинастырыла басталған. Осы картографиялық және ақпараттық барлау жұмыстарының тікелей нәтижесінде біраз карталар сылылған. Осы карталардың ең әйгілісі әрі ең көлемдісі мына 3 карта (атластар жинағы) болып табылады: 1. «Хуанюй цюаньлань ту» (бұл карта бейресми түрде «Канси картасы» деп те аталады); 2. «Юнчжэнь ши пай ту» («Юнчжэнь картасы» деп та аталады); 3. «Цяньлун шисань пай ту» («Цяньлун картасы» деп та аталады). Мұнда ерекше ескертетін жайт: аталмыш картографиялық барлау жұмыстарына Еуропадан келген, сол дәуірдегі үздік картография техникасын меңгерген иезуит миссионерлері аса зор үлес қосқан, тіпті негізгі карта сызу жұмысын атқарған. Аталмыш карталардағы Орта Азия мен Қазақстан туралы мәліметтерге кешенді зерттеулер жүргізу – арнаулы ғылыми жоба ретінде қарастырылатын тақырып. Біз мұнда тек аталмыш 3 қартаның екіншісі, яғни «Юнчжэнь ши пай ту» картасындағы Қазақ жеріне қатысты мәліметтерге қысқаша тоқталып кетпекпіз.

1728-1729 жылдары сызылған бұл картада Манчуриядан бастап Жерорта теңізіне дейінгі аумақты, анығырақ айтқанда, шығыс бойлық 160° пен шығыс бойлық 28.5°, солтүстік ендік 80° пен солтүстік ендік 15° аралығындағы аумақты қамтиды. Жоғарыда аталған Фердинанд Вербист картасы («Кунь-юй-цунь-ту»), Тулишэнь картасы және өзінен бұрынырақ сызылған «Хуанюй цюаньлань ту» («Канси картасы») сынды карталармен салыстырғанда, «Юнчжэн ши пай ту» картасы Орта Азия аймағына әлдеқайда көбірек көңіл бөлген²⁸. Мұның мынадай екі үлкен себебі бар: біріншіден, дәл сол осы карта қалыптасқан кезде Ресей мемлекеті өзінің Орта Азияға бағыттаған қысымын күшейте бастаған, оны сезген Цин патшалығы осы төңіректегі орыс ықпалын зерттеуге тиісті болды; екіншіден, Юнчжэн патшалығы тұсында Цин патшалығы Жоңғарияға үлкен жорық жасауды жоспарлап, сол үшін жоңғарлармен қарым-қатынаста болған Орта Азия халықтары мен олардың жерлерін анығырақ біліп, мүмкіндігінше сол жерлердегі халықтардың жоңғарлармен бірлесе қимылдауына бөгет жасау керек болды.

Дегенмен, аталмыш картадағы осы мәліметтерге күні бүгінге дейін жеткілікті түрде назар аударылмаған. Бұның себебі мынада болса керек – аталмыш картаның қазірге белгілі болған 3 түрлі нұсқасы ғана бар, олар: 1. Қытай Ғылым академиясының кітапханасына қарасты Ақпарат орталығында сақтаулы бір ксилографиялық нұсқа; 2. Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында сақтаулы басып шығарылған бір нұсқасы (1 дана); 3. Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында сақтаулы қолмен сызылған бір нұсқа (1 дана). Осы санаулы нұсқа-лар Цин патшалық дәуірінде тек патша мен оның төңірегіндегілер көре алатындай етіліп патшаның орда мұрағатында сақталған болса, олар кейінгі кезеңдерде де Қытайдың «мемлекеттік құпиясы» ретінде көпшілікке көрсетілмей келген. Бұл «құпия» карталар тек 2007 жылы ғана ресми түрде баспадан басып шығарылып, зерттеушілер мен қалың оқырман жұртқа ұсынылған²⁹. Біздің зерттеуімізде осы басылымға арқа сүйемек.

«Юнчжэн ши пай ту» картасы қытайдың көне картографиялық әдісімен, яғни қамтылған жерлерді бірыңғай шақпақтарға енгізіп, сол арқылы сызылған жерлердің көлемін көрсету әдісімен сызылған 98 парақтан (бөліктен) құралады.


Ал әр бір парақ (бөлік) 64 шақпақтан құралып, онда өзіндік ендік және бойлық белгілер көрсетілген: ендік белгісі жалпы солтүстіктен оңтүстікке қарай 8-ге бөлінген тік бағана болса, оларды тік бойлық сызықтар кесіп өтіп, сол бойлық сызықтарға «Дун 1» («шығыс 1»), Дун 2 («шығыс 2»), Дун 3 («шығысы 3») ..., немесе «Си 1» («батыс 1»), «Си 2» («батыс 2»), «Си 3» («батыс 3») ... сынды сан белгілері қойылған³⁰.

²⁸ Алдыңғы екеуінде сақталған тиісті мазмұнды жоғарыда берілген карталардан көріп білуге болады. Канси патша дәуірінде сызылған «Хуанюй цюаньлань ту» картасының батыстағы шегі Алтай-Тарбағатай-Іле сызығынан аса алмаған. Ал «Юнчжэн ши пай ту» картасында жалпы Орта Азия туралы жаңа мазмұндар енгізілген (мысалы, мұнда Тулишэнь картасында болған «Теңіз көлі» сынды жер атауларынан тыс «Кіуаа хотон» («Хиуа қаласы»), «Turkumen tehe ba» («Түркімендердің тұратын жері») және Сырдария аңғарындағы бірсыпыра жер атаулары берілген). Біздің төмендегі кестелеріміз көрсетіп тұрғандай, «Юнчжэн ши пай ту» картасында қамтылған Қазақ жер-су атаулары тіпті де көп.

²⁹ Ван Цяньцзинь мен Лю Жофан 2003. Құрастырушылардың алғы сөзінде берілген мәліметке қарағанда, мұндағы кіргізілген «Юнчжэн ши пай ту» – Қытай Ғылым академиясының кітапханасына қарасты Ақпарат орталығында (中国科学院图书馆情报中心) сақтаулы ксилографиялық нұсқасы болып табылады.

³⁰ Мұндағы «шығыс» пен «батыс» деген сөздер карта авторларының Бейжіңді орталық деп есептепеген ұғымнан шығып отыр.


Мақаланың көлемі шектеулі болғандықтан, біз мұнда Қазақ жері туралы мәліметтердің бір бөлігіне ғана тоқталып өтпекпіз. Анығырақ айтқанда, біз картадағы Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс және Арқа өңірлеріне қатысты мәліметтерді ғана назарымызға алып отырмыз. Біз бұл мәліметтерді кесте ретінде көрсетуді жөн санадық. Картадағы жер-су атауларды біз мынадай әдіспен көрсетіп отырмыз: әрбір жер-су атау өзінің орналасқан карта бөліміндегі (парағындағы) бағаналық саны мен бойлық белгі саны қосыла жазылу арқылы белгіленеді, мысалы, «V бағана батыс VI» карта бөлігінде орналасқан «Yasu hoton», яғни «Ясу қаласы» (Түркістан) былай деп көрсетіл-мек: VI(642+643) (мұндағы «IV» – «IV бағана», ал 642 мен 643 – сол IV бағананы кесіп өткен «батыс 642», «батыс 643» бойлық сызық белгілер саны, бұл сандар картаның түпкі жағында қытай тілінде жазылған).



4-карта. «Юнчжэнь ши пай тү», «V бағанақ батыс VI» бөлігі

Картадағы жер-су атауының транскрипциясы	Картадағы жер-су атауының мәнжу тіліндегі мағынасы	Тиісті жер-судың қазақша атауы	Жер-су атауының картадағы орналасқан жері
sikillik noor	Шикилик көлі	Шикілік көлі	IV(640+641)
sir bira	Шир өзені	Сырдария	VIII(640+641)
sairam hoton	Сайрам қаласы	Сайрам қаласы	VIII(640+641)
tasigan hoton	Ташиган қаласы	Ташкент қаласы	VII(641+642)
yasu hoton	Ясу қаласы	Ясы немесе Түркістан	VI(642+643)
handu giliyen	Ханду-гилийен	?	II(643+644)
kenggirbei	Кеңгирбей	Кеңгір	II(643+644)
sira usun	Шира усу	Сарысу	III(643+644)
hara halbak tehe ba	Хара-халбак тұрған жер	Қарақалпақ тұрған жер	V(643+644)
balaktu noor	Балакту көлі	Балықты көл	III(644+645)
yargas	Яргас	?	II(646+647)
or	Ор	Ор (өзені)	III(646+647)
mohulcar alin	Мохуулжар тауы	Моғылжар тауы	II(647+648)
dari gangga omo	Дари-гаңға көлі	Арал көлі	VI(647+648)


2 кесте. «Юнчжэнь ши пай ту», «V бағанақ батыс VI» бөлігіндегі мәліметтер



5-карта. «Юнчжэнь ши пай ту», «V бағанақ батыс V» бөлігі

Картадағы жер-су атауының транскрипциясы	Картадағы жер-су атауының мәнжу тіліндегі мағынасы	Тиісті жер-судың қазақша атауы	Жер-су атауының картадағы орналасқан жері
ili bira	Или өзені	Іле өзені	III(б35+б36)
celek	Челек	Шелек (өзені)	III(б35+б36)
gegen bira	Геген өзені	Кеген өзені	III(б35+б36)
jakty	Жакту	?	I(б36+б37)
horgoc	Хоргос	Қорғас	I(б36+б37)
buka sili	Бука-сили	?	II(б36+б37)
šarbel	Шарбел	Сарыбел	II(б36+б37)
hoyor alimbatu	Хойор Алимбату	Қос Алматы	II(б36+б37)
gūrbān harkara	Үш Харкара	Қарқара	III(б36+б37)
toroi aigūl	Торой-айгуул	Торайғыр	III(б36+б37)
cui bira	Чуй өзені	Шу өзені	III(б38+б39)
tus kul	Тус көл	Ыстық көл	V(б36+б37)

3-кесте. «V бағана батыс V» бөлігіндегі мәліметтер



6-карта. «Юнчжэнь ши пай ту», «VII бағана батыс IV» бөлігі

«Юнчжэнь ши пай ту» картасындағы осы мәліметтерді сараптай келе біз мынадай қортынды жасап отырмыз: біріншіден, карта қалыптасқан 1728-1729 жылдардағы мәнжу-қытайлар өздерінен бұрынғыларға қарағанда Қазақ жері туралы әлдеқайда ауқымды әрі нақты деректерге ие болған; екіншіден, картаға енгізілген деректер негізінен моңғол тілдес халықтан алынған, бұның нақты дәйегі: мұндағы біраз жер-су атауларының құрамында моңғолша сөздер («но-ор», «усун», «гоол», «хойор», «гурбан», «гучин-гурбан») сақталған. Демек, мәнжу-қытайлардың Қазақ жері туралы нақты ұғымдарының қалыптасуы қалмақтармен тікелей байланысты болған.

Картадағы жер-су атауының транскрипциясы	Картадағы жер-су атауының мәнжу тіліндегі мағынасы	Тиісті жер-судың қазақша атауы	Жер-су атауының картадағы орналасқан жері
baha nas bira	Баханас өзені	Бақанас өзені	III(西 40+西 41)
bayan alin	Баян тауы	Баянауыл тауы	IV(西 40+西 41)
gūrbān hasuluk alin	Гурбан Хасулук тауы	Желдібай, Арғанаты, Ұлытау таулары (?)	VI(西 41+西 42)
esil bira	Есіл өзені	Есіл өзені	II(西 42+西 43)
sidet ereimen alin	Шидет Еремен тауы	Еремен тауы	II(西 42+西 43)
onggon alin	Оңгон тауы	Мұзбел	V(642+643)
hūrgaljin noor	Хурхалжин көлі	Қорғалжын көлі	V(643+644)
nura bira	Нұра өзені	Нұра өзені	V(西 43+西 44)
gūcin gūrbān torohoi	Отыз үш Торохой	Торғай өзендері аңғары	VII(644+645)
hara gool	Қарағол	Емболат өзені	V(西 46+西 47)
elek bira	Елек қзені	Елек өзені	V(西 46+西 47)
barbui	Барбуй	?	VIII(西 44+西 45)
ahsahal	Ақсахал	?	VIII(西 44+西 45)
ulartu alin	Уларту тауы	Ұларты тауы	IV(西 47+西 48)
kuku gool	Кукуғол	Быковка өзені	V(西 47+西 48)
cagan bira	Чаган өзені	Шаған өзені	V(西 47+西 48)
taki hotong	Таки қаласы	Теке қаласы	V(西 47+西 48)
šonggorlu bira	Шоңгорлу өзені	Шыңғырлау өзені	VI(西 47+西 48)
oil	Ойыл	Ойыл өзені	VI(西 47+西 48)
kil	Кил	Қиыл өзені	VII(西 47+西 48)
sahas bira	Сахас өзені	Сағыз	VII(西 47+西 48)

4-кесте. «VII бағана батыс IV» бөлігіндегі мәліметтер

Ал картадағы осы ұғымдардың арасында көмескі тұстар да бар екендігі байқалады. Мысалы, картада «Gūcin Gūrbān Torohoi» («Отыз үш Торохой», жоғарыдағы «VII бағана батыс IV бөлігіндегі мәліметтер» кестесіндегі 9-ші жер атауына қараңыз) деп жазылған жер атауы мен онымен байланысты картада көрсетілген жер көлемін салыстырып қарағанда осындай көмескілік байқалады. Біздің пайымдауымызша, мұндағы «Торохой» – «Торғай» сөзінен келген. Ал жұртқа мәлім, Торғай үстірті қазіргі Қостанай облысы жер аумағын қамтып, одан тыс Ақмола мен Қарағанды облыстарының да аздаған жерлерін алып тұрған үлкен өлке; ал мұндағы көптеген өзен-судар күні бүгінге дейін «Торғай» атауымен аталатындығы белгілі (мысалы, «Торғай», «Қара Торғай», «Сары Торғай» т.б.). Демек, картадағы отыз үш санымен байланыстырып қалмақ тілінде жазылған бұл жер атауы біз айтып отырған географиялық жайттармен байланысты қалыптасқан болса керек. Картада бұл жер атауымен байланысты көп өзендер³¹ және сол өзендер құйылатын бір көл көрсетілген. Дегенмен, карта осыншалық өзендер мен көлді бір тар жер аумағына апарып орналастырған. Бұл, әрине, шынайы географиялық жағдаймен тым жараспайтын жайт.

Картада кейінгі жұрттың түсінігімен сәйкеспейтін өзге мәліметтер де бар. Мысалы ретінде біз мұнда картадағы Алматыға қатысты жер атауына тоқталып

³¹ Бұл өзендердің жалпы саны 33-ке жетпесе де 20-дан асады.

өтуімізге болады. Цин патшалық қытай дереккөздерімен таныс адамдарға мәлім, «Сиюй тун вэнь чжи», «Сиюй ту чжи» және «Сиюй шуй дао цзи» сынды дәстүрлі Цин патшалық жазбаларында Алматының көне атауы «Гурбан Алимату», яғни «Үш Алматы» деп аталып, оның этимологиясы не «үш алма бақпен», не «үш өзенмен» байланыстылады³². Енді, міне, аталмыш қытай жазбаларынан әлде бұрын қалыптасқан «Юнчжэн ши пай ту» картасында тиісті жер атауы қалмақ тілінде «Хойор Алимбату», яғни «Қос (екі) Алматы» деп көрсетіліп тұр (жоғарыдағы «V бағана батыс V бөлігіндегі мәліметтер» тізбегіне қараңыз). Демек, «Алматы» жер атауы ертеректе әуелі «2» санымен қатысты болған³³, оның «3» санымен байланыстырылғандығы кейінірек қалыптасқан болса керек.

Қалай болмасын, «Юнчжэн ши пай ту» картасын қазақ-цин қарым қатынасы ресми орнатылудан бұрын қалыптасқан, Қазақ жеріне қатысты ең ауқымды мазмұн сақтаған құнды дереккөздердің бірі деп есептеуімізге болады. Картадағы мәліметтерді түбегейлі зерттеу арқылы біз Қазақстанның тарихи географиясына тың мазмұндар енгізе алатындығымыз даусыз.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі Қазақ жері туралы мәнжу-қытай картографиялық дереккөздерінің жалпы жағдайы жоғарыдағыдай болды. Кейін, Жоңғар хандығының жойылуымен байланысты, Қазақ хандығы мен Цин патшалығы тікелей көршіге айналып, екі ел арасында ресми қарым-қатынас орнатылады. Содан бастап, Қазақ жері туралы мәнжу-қытай жазбалары мен картографиялық материалдар тиісінше молайып, араларында жалған немесе агрессивті дүниелер де көбейеді. Жаңа дәуірдегі жаңа жағдаймен байланысты пайда болған сол дереккөздердің анықталуға тиісті тұстары баршылық, ол үшін арнаулы зерттеулер жүргізуіміз қажет.

Әдебиеттер тізімі/ Список литературы

1. Еженханұлы Б. История и легенды – Вокруг первого письма Абылай хана китайскому императору Цянлуну // «Деловая неделя» газета. – 2010. – №11(899). 19 марта.
2. Еженханұлы Б. Абылай ханның Цин патшалық ордасына жолдаған тұңғыш хаты және одан туылған тарихи мәселе // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы хабарлары. – 2010. – №2.
3. Kenzheahmet N., The Qazaq Khanate as Documented in Ming Dynasty Sources // Crossroads. – 2013. – №8. October. – P.131-156.
4. Шах Махмуд Чорас. Хроника. / Критический текст, перевод, комментарии и указатели О.Ф. Акимовича. – М., 1976.
5. Востров В.В., Муханов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов. – Алма-Ата: Наука, 1968.
6. Юдин П. О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнографических связях с казахскими и другими соседними народами // Известия Академии Наук Казахской ССР, серия общественных наук. – 1965. – №3.
7. Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV-XVIII веках. Алма-Ата: Наука. 1969.

³² «Сиюй тун вэнь чжи» («Сиюйдегі тілдерге салыстырма сипаттама»). Біз бұл еңбектің 1984 жылы Бейжің Орталық ұлттар университетінің профессоры Ву Фэнпэй жасап шығарған критикалық нұсқасын пайдаланып отырмыз (吴丰培整理:《民族古籍丛书·西域同文志》,北京,中央民族学院出版社,1984年). 1-цзюань, Б.27-28; Фу Хэн және басқалар (құрастырған), Циньдин хуан юй Сиюй ту чжи («Патша бекіткен патшалығымызға қарасты Батыс өлкенің карталары мен сипаттамалары»). Біз бұл деректеменің 1893 жылы Қытайдың Ханчжоу жеріндегі «Пяньи шуцзюй» баспасынан литографиялық әдіспен басып шығарған нұсқасын пайдаланып отырмыз. (傅恒等纂:《钦定皇舆西域图志》,光绪 19 年杭州便宜书局石印本)., 13-цзюань (бума): «Солтүстік Тянь-Шань аймағы 3-бөлігі»; және: Суй Сун, «Сиюй шуй дай цзи», біз бұл деректеменің 2005 жылы Пекиндегі «Чжунхуа шуцзюй» баспасынан шыққан, Чжу Юйлин есімді қытай ғалымы деректанулық түсіндірмелер берген жаңа нұсқасын пайдаланып отырмыз. (徐松著, 朱玉麟整理:《西域水道记》,中华书局, 2005 年, 北京), 4-цзюань, «Балқаш көліне құйылатын өзен сулары. Іле өзені» бөлігі.

³³ Бұл біздің есімізге аталмыш өңірде «Үлкен Алматы», «Кіші Алматы» деп аталатын екі өзенің бар екендігін түсіреді.

8. Frank, A.J. The Qazaqs and Russia // Nicola Di Cosmo, Allen J. Frank and Peter B. Golden (Ed.), *The Cambridge History of Inner Asia. The Chinggisid Age*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2009.
9. «Қазақстан тарихы» (бес томдық): Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейінгі бес томдық). – Алматы: «Атамұра», 1998-2010.

Reference

- Ezhenhanuly 2010 (1) – Ezhenhanuly, B 2010, *Istoriya i legendy – Vokrug pervogo pis'ma Abylai hana kitajskomu imperatoru* Cyanlunu, «*Delovaya nedeliya*» *gazeta*, №11(899), 19 marta. (Ezhenhanuly, B 2010, History and legends - Around the first letter of Abylai Khan to the Chinese Emperor Qianlong, «*The Business Week*» newspaper, №11(899), 19 March). (Rus).
- Ezhenhanuly 2010 (2) – Ezhenhanuly, B 2010, *Abylai hannyn Cin patshalyk ordasya zholdagan tungysh haty zhane odan tuylgan tarihi masele*, *Kazakstan Respublikasy Ul'tyik Gyl'm Akademiyasy habarlary*, №2. (Ezhenhanuly, B 2010, The first letter of Abylai Khan to the Tsar Khanate and his historical background, *the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, №2). (Kaz).
- Frank 2009 – Frank, A.J 2009, *The Qazaqs and Russia*, in: Nicola Di Cosmo, A.J. Frank and P.B. Golden (Ed.) 2009 *The Cambridge History of Inner Asia. The Chinggisid Age*, Cambridge University Press, Cambridge. (Frank, A.J 2009, *The Qazaqs and Russia*, in: Nicola Di Cosmo, A.J. Frank and P.B. Golden (Ed.) 2009 *The Cambridge History of Inner Asia. The Chinggisid Age*, Cambridge University Press, Cambridge). (Eng).
- Kazakstan tarihy 1998-2010 – *Kazakstan tarihy (5 tomdyk) 1998-2010*, «Atamura», Almaty. (*History of Kazakhstan (5 volumes) 1998-2010*, «Atamura», Almaty). (Kaz).
- Kenzheahmet 2013 – Kenzheahmet, N 2013, *The Qazaq Khanate as Documented in Ming Dynasty Sources*, *Crossroads*, №8. October, P.131-156. (Kenzheahmet, N 2013, *The Qazaq Khanate as Documented in Ming Dynasty Sources*, *Crossroads*, №8. October, P.131-156). (Eng).
- Pishchulina 1969 – Pishchulina, KA 1969, *Prisyrdar'inskie goroda i ih znachenie v istorii kazahskih hanstv v XV-XVIII vekah*, Nauka, Alma-Ata. (Pishchulina, KA 1969, *Prisyryrsyne cities and their significance in the history of the Kazakh horses in the XV-XVIII centuries*, Nauka, Alma-Ata). (Rus).
- SHah Mahmud CHoras 1976 – SHah Mahmud Choras, 1976, *Hronika*, Kriticheskij tekst, perevod, kommentarii i ukazateli O.F. Akimushkina, Moskva. (SHah Mahmud Choras, 1976, *Chronicle*, Transl. O.F. Akimushkina, Moscow). (Rus).
- Vostrov, Muhanov 1968 – Vostrov, VV, Muhanov, MS 1968, *Rodoplemennoj sostav i rasselenie kazahov*, Nauka, Alma-Ata. (Vostrov, VV, Muhanov, MS 1968, *The Rhythmic Growth and Crusade of Kazakhs*, Nauka, Alma-Ata). (Rus).
- Yudin 1965 – Yudin, P 1965, *O rodoplemennom sostave mogulov Mogulistana i Mogulii i ih etnograficheskikh svyazyah s kazahskimi i drugimi sosednimi narodami*, *Izvestiya Akademii Nauk Kazahskoj SSR, seriya obshchestvennyh nauk*, №3. (Yudin, P 1965, He is a member of the Mogulistana and Mogul Mogulovs and their ethnographic associations in the Kazakh and other neighboring subordinates, *Bulleten of the Academy of Science of the Kazakh SSR, a series of Social science*, №3). (Rus).